

«БЕКІТЕМІН»

«Алақай» бөбекжай-балабақшасы

Меңгерушісі Маханова М.Б.

(қолы)



Отбасы жағдайында тәрбиеленетін балаларға және олардың ата-аналарына (заңды өкілдеріне) арналған консультативтік пункт туралы ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелері

1.1. Осы ереже «Алақай» бөбекжай-балабақшасының консультативтік пунктiнiң қызметiн реттейдi. Консультативтiк пункт МДҰ-ға бармайтын 1-жастан 6 жасқа дейiнгi балалар мен олардың ата-аналары (заңды өкiлдерi) үшiн құрылады және мектепке дейiнгi бiлiм беру бағдарламасын iске асыратын МДҰ-ның құрылымдық бөлiмi болып табылады.

1.2. Құру мақсаттары – отбасылық және қоғамдық тәрбиенiң бiрiздiлiгi мен сабақтастығын қамтамасыз ету, ата-аналарға (заңды өкiлдерге) психологиялық-педагогикалық көмек көрсету, МДҰ-ға бармайтын бала тұлғасының жан-жақты дамуын қолдау.

1.3. Негiзгi мiндеттерi:

- балалардың дамуына жағдай жасауға жан-жақты көмек көрсету;
- бала тәрбиесiне, оқуы мен дамуына қатысты әртүрлi мәселелер бойынша консультативтiк көмек көрсету;
- балалардың әлеуметтенуiне ықпал ету;
- балалардың физикалық, психикалық және әлеуметтiк дамуындағы әртүрлi ауытқушылықтарға кешендi профилактика өткiзу;
- МДҰ мен балалар мен ата-аналарды (заңды өкiлдердi) әлеуметтiк және медициналық қолдайтын басқа ұйымдар арасында әрекеттестiктi қамтамасыз ету;
- күрделi асқынулардың алдын алу мақсатында ерте кезеңде баланың мүддесiне қатысты жанжалдарды, қиын жағдайларды тану, болжау және шешу.

II. Консультативтiк пункт қызметiн ұйымдастыру

2.1. Ата-аналарға (заңды өкiлдерге) арналған лекторийлердi, теоретикалық және iс-тәжiрибелiк семинарларды, ата-аналардың сұрауы бойынша жеке және топтық консультацияларды ұйымдастыру, жазбаша өтiнiшi, телефонмен қоңырау шалу, МДҰ сайтының жұмысын ұйымдастыру бойынша сырттай консультация өткiзудi ұйымдастыру және т. б.

2.2. Консультативтiк пункт төмендегi мәселелер бойынша ата-аналарға (заңды өкiлдерге) көмек көрсете алады:

- МДҰ-ға бармайтын мектеп жасына дейiнгi балаларды әлеуметтендiру.
- Балалардың жас, психофизиологиялық ерекшелiктерi.
- Мектепте оқуға дайындық.
- МДҰ-ға бармайтын мектеп жасына дейiнгi балалардың физикалық, психикалық және әлеуметтiк дамуындағы әртүрлi ауытқушылықтардың алдын алу.
- Бiлiм беру бағдарламасын таңдау.
- Ойын қызметiн ұйымдастыру.
- Балалардың тамақтануын ұйымдастыру.